**"Жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты қызмет" кәсіптік стандартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 12 ақпандағы № 56 бұйрығы.

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты қызмет" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми қамтамасыз ету басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ауыл шаруашылығы министрінің*
*міндетін атқарушы* *А. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін
атқарушының
2024 жылғы 22 ақпандағы
№ 56 бұйрығымен
бекітілген

**"Жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты қызмет" кәсіптік стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: Осы кәсіптік стандартты жануарларды қолдан ұрықтандыруды дайындауға, жүргізуге және кейіннен бақылауға маманданған зооинженерлер үшін қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар қолданылады:

1) аноцервикалды ұрықтандыру әдісі – қолға стерильді қолғап киіп, стерильді полиэтилен ампулалар мен қысқартылған полиэтилен немесе полистирол катетерлерін пайдалана отырып, ұрықты жатыр мойнына 6-7 см енгізу;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын көбейту биотехнологиясы – ауыл шаруашылығы жануарларының көбею қабілетін барынша пайдалану және өнімділігін арттыру мақсатында олардың көбею процесін басқару әдістерінің жиынтығы;

3) асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркелімі – асыл тұқымды жануарлардың сандық, сапалық және тұқымдық құрамы туралы деректер жинағы;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру – аталықтардың шәуетін алып, аналықтардың жыныс мүшелеріне енгізуді қамтитын ауыл шаруашылығы жануарларын көбейту әдісі;

5) асыл тұқымды мал – тұқым стандартына сай келетін және Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық палатада тіркелген таза тұқымды мал;

6) асыл тұқымдық кітап – белгілі бір тұқымды асыл тұқымды жануарлардың шығу тегі, өнімділігі және басқа да қасиеттері бойынша аса бағалы асыл тұқымды малдар туралы мәліметтер жинағы;

7) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдардан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, дернәсілдер және жас балықтар, асыл тұқымды аналық аралар, асыл тұқымды аралар тұқымдастары және ара пакеттері;

8) ұрық сапасын бағалау – микроскопты, зертханалық таразыны, фотометрді пайдаланып, алынған биоматериалды сапасына және шәуеттің қоюлығы мен белсенділігіне зерттеу;

9) бедеулік – жыл ішінде аналық қабілетінен айырылған ұрпақтарының пайызы;

10) визоцервикалды ұрықтандыру әдісі – шприц-катетер және қынаптық айна арқылы жатыр мойнына сперманы 4-6 см тереңдікке енгізу;

11) қолдан ұрықтандыру – әртүрлі ветеринариялық құралдардың көмегімен ұрықтандыруды аналықтың жыныс жолдарына шәует енгізу арқылы жүзеге асырылатын жануарларды көбейту әдісі;

12) ректоцервикалды ұрықтандыру әдісі – бұл әдіс шәуетті жатыр мойнына бекіте отырып енгізу және тік ішек арқылы бақылаудан тұрады;

13) сұйылту – арнайы жасалған ортада сұйылту арқылы сперманың белсенділігін жоғалтпау үшін материалдың жарамдылық мерзімі ұзартылатын процесс. Сұйылту су моншасы мен мөлшерлегіш арқылы жүзеге асырылады;

14) тұқымдық материалды сақтау – бұл арнайы құрылғылардың, атап айтқанда Дьюар сауытының көмегімен шәуетті сақтау мерзімін ұзарту процесі. Материал сұйық азотта мұздатылған күйде сақталады;

15) ұрық енгізу – аналықтарды қорапқа салу және оларды бекіту, содан кейін таңдалған техникаға сәйкес қолдан ұрықтандыруды қолдану;

16) физиологиялық жыныстық жетілу – ауыл шаруашылығы жануарлары дарақтарының жыныстық түйсіктерін көрсету және ұрықтандыруға дайын жыныс жасушаларын қалыптастыру қабілеті;

17) шәует алу – жасанды қынап немесе тұлыпты қолдану арқылы манипуляциялау болып табылады. Бұқалардан – аптасына 2-4 рет, қошқарлардан – күніне 2-3 рет, айғырлардан – күніне бір рет генетикалық материал жинау. Қабан ұрығын жинау үшін шошқа тұлыбы қолданылады. Қондыру 2-3 күнде бір рет жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 18.09.2024 № 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) БТБА – бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы;

4) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

**2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты қызмет.

5. Кәсіптік стандарттың коды: A01620020.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А. Ауыл, орман және балық шаруашылығы:

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну;

01.6 Астықты өңдеу жөніндегі қызмет және ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру және мал басын көбейтуге мүмкіндік беретін қызмет;

01.62 Мал шаруашылығына тән қызмет;

01.62.0 Мал шаруашылығына тән қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Қолдан ұрықтандыру әдісімен жануарлардың ұрықтарын аналықтың жыныс жолдарына енгізу, онда алдын-ала аталық ұрығы алынады. Мал мен құс шаруашылығында жаңа технологияларды қолдана отырып, бағалы асыл тұқымды аталықтарынан көп төл алу үшін қолданылады.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Жануарларға қарайтын жұмысшы - СБШ 3-деңгейі;

2) Ветеринариялық санитар - СБШ 3-деңгейі;

3) Зоотехник - СБШ 4-деңгейі;

4) Асылдандыру ісі жөніндегі техник - СБШ 4-деңгейі;

5) Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник - СБШ 4-деңгейі.

## 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Жануарларға қарайтын жұмысшы" кәсіптік карточкасы | | | |
|---|---|---|---|
| Топтың коды: | 6129-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 6129-0-011 | | |
| Кәсіптің атауы: | Жануарларға қарайтын жұмысшы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 3 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 3 | | |
| БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | ЕТКС 64 шығарылым,<br>Аралас өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі біліктілігі жоқ жұмысшы. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>техникалық және кәсіптік білім (жұмысшы кәсіптер) | Мамандық:<br>Зоотехния | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | қажет етілмейді | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | қажет етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Әр түрлі жұмысты атқаратын адам, фермерлік қожалық | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Құстарды азықтандыру және суару.<br>2. Күтіп-бағу және тазалау.<br>3. Асылдандыру. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Тасымалдау | |
| | | Машықтар:<br>1. Жануарлардың әртүрлі топтары мен жасына қарай азықты рецепт бойынша дайындау.<br>2. Азық нормаларын анықтау.<br>3. Азықтың балғындығын анықтау. | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>Құстарды азықтандыру және суару | 1-дағды:<br>Азықтарды дайындау және тарату | 4. Азықты тарату.<br>5. Азық пен азық қоспаларын сақтау. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарларды әртүрлі топтары мен жыныстың жастық топтарына арналған азықтардың негізгі рецептері.<br>2. Жануарлардың әртүрлі топтары мен жастарына арналған азық нормалары. Күтіп-бағылатын құс түрлері белоктарды, витаминдерді және минералдарды қажетсінуі.<br>3. Жануарларды күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары.<br>4. Азықты таратудың қолмен жасалатын және механикалық әдістері.<br>5. Азық пен азық қоспаларын сақтау технологиялары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Суару | Машықтар:<br>1. Әртүрлі топтағы жануарларды суаруды қамтамасыз ету.<br>2. Дәрілік препараттармен суару. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлардың әртүрлі топтарының суару ерекшеліктері.<br>2. Жануарларды дәрілік препараттармен суару. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 1-дағды:<br>Жануарларды күтіп-бағу | Машықтар:<br>1. Жаңа технологияға сәйкес, температуралық жағдайды ылғалдылықты және жарықты ұстау.<br>2. Жануарлар тіршілігінің қажетті жағдайларымен қосымша қамтамасыз ету.<br>3. Бірге ұстайтын топтар/жұптарды қалыптастыру.<br>4. Жануарлардың жай-күйі мен мінез-құлқын бақылау.<br>5. Санитарлық режимді сақтау.<br>6. Зооветеринариялық іс-шараларға қатысу. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлардың әртүрлі топтарын күтіп-бағу технологиясы.<br>2. Бірге күтіп-бағу кезіндегі топ/жұп құру принциптері.<br>3. Жануарлардың мінез-құлқы мен физиологиясының негіздері.<br>4. Жануарларды күтіп-бағу, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары.<br>5. Жануарлар ауруының белгілері. |

| | | |
|---|---|---|
| 2-еңбек функциясы:<br>Күтіп-бағу және тазалау | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Мал шаруашылығы қора-жайларын тазалауды ұйымдастыру | Машықтар:<br>1. Жануарлардың күтіп-бағылатын аумақтарды құрғақ және ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу.<br>2. Жабдықтарды тазалау.<br>3. Көңді алып тастау.<br>4. Жануарлардың күтіп-бағатын орындарды дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жұмыстарын жүргізу.<br>5. Төсемді, еденді және/немесе топырақты ауыстыру. |
| | | Білімдер:<br>1. Құрғақ және дымқыл тазалау және жабдықты тазалау тәртібі.<br>2. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу қағидалары.<br>3. Дезинфекциялық қондырғылар мен бүріккіштерді орнату.<br>4. Жануарларды күтіп-бағудың, азықтандырудың зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 3-еңбек функциясы:<br>Асылдандыру | 1-дағды:<br>Асыл тұқымды жұптарды /топтарды құру | Машықтар:<br>1. Мал шаруашылығында өндірушілерді таңдау және шаруашылық жағынан ең құнды жануарлардың асыл тұқымды жұптарын/топтарын таңдау.<br>2. Табиғи көбеюіне жағдай жасау.<br>3. Қажет болған жағдайда жануарларды қолдан ұрықтандыруға дайындау. |
| | | Білімдер:<br>1. Асыл тұқымды жануарлардың жұптарын/ топтарын таңдау және іріктеу қағидалары.<br>2. Жануарлардың көбею кезеңіндегі мінез-құлық және физиологиялық ерекшеліктері.<br>3. Жануарларды қолдан ұрықтандыру қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Төл өсіру | Машықтар:<br>1. Төлдерді өсіргенде қажетті күтім жасау.<br>2. Төлдерді өсіру кезінде зоогигиеналық және санитарлық-ветеринариялық талаптарды сақтау. |
| | | Білімдер:<br>1. \Күтіп-бағылатын жануарлар түрлерінің төлдерін өсіру технологиясы.<br>2. Жануарларды күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалары. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 1-қосымша еңбек функциясы: Тасымалдау | 1-дағды: Тасымалдауды қамтамасыз ету | Машықтар:<br>1. Жануарларды тасымалдауға дайындау.<br>2. Жануарларды аулау.<br>3. Жануарларды бекіту.<br>4. Тасымалдау кезінде қажетті күтімді қамтамасыз ету.<br>5. Жануарлардың тасымалдаудан кейін және жаңа жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету. |
| | | Білімдер:<br>1. Тасымалданатын жануарлар түрлерінің мінез-құлқы мен физиологиясының ерекшеліктері.<br>2. Құстарды ұстау және бекіту әдістері.<br>3. Жануарларды тасымалдауға қойылатын талаптар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік<br>Төзімділік пен еңбексүйгіштік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | - | |
| СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 5 | Мал өсіруші-техник |
| 10. "Ветеринариялық санитар" кәсіптік карточкасы: | | |
| Топтың коды: | 5190-4 | |
| Қызмет атауының коды: | 5190-4-007 | |
| Кәсіптің атауы: | Ветеринариялық санитар | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 3 | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 3 | |
| БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | ЕТКС, 64 шығарылым.<br>3-4 разрядты ветеринариялық санитар. | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>техникалық және кәсіптік білім (жұмысшы кәсіптер) | Мамандық:<br>Ветеринария<br>Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Қажет етілмейді | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | Қажет етілмейді. | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жануарлардың саулық жағдайын бақылау, ауру малды күту. Санитарлық-гигиеналық стандарттарды сақтау. Жабдықтарды стерилдеу, сонымен қатар дәрілік заттарды қолдануға дайындау. | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Сүтті ірі қара малдарының аурулары мен өлім-жітімінің алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру.<br>2. Жануарларға жарақаттану, улану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| 1-еңбек функциясы:<br>Сүтті ірі қара малдың аурулары мен өлім-жітімінің алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру | 1-дағды:<br>Жаппай емдеу-профилактикалық дауалау жүргізу | Машықтар:<br>1.Түрлі этиологиялы аурулармен ауыратын жануарларды емдеу үшін емдік, хирургиялық әдістер мен манипуляцияларды қолдану.<br>2. Дәрілерді және дезинфекциялау құралдарын қолдану.<br>3. Жануарлар мен құстардың ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жүргізу. |
| | | Білімдер:<br>1. Ірі қара малдың анатомиясы мен физиологиясы.<br>2. Жануарлар мен құстардың жиі кездесетін аурулары туралы негізгі мәліметтер және құстар және оларды диагностикалау принциптері.<br>3. Профилактикалық шаралар мен ауру жануарларды емдеу |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Емдеу-профилактикалық шараларының жоспарын | Машықтар:<br>1. Ветеринариялық қызметте көрнекі және техникалық бақылау әдістерін қолдану.<br>2. Мамандандырылған жабдықтар мен құралдарды қолданыңыз.<br>3. Мамандандырылған ақпараттық базалармен жұмыс. |
| | | Білімдер:<br>1. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация әдістері.<br>2. Биологиялық қалдықтарды сақтау және кәдеге жарату қағидалары.<br>3. Жануарлардың өлекселерін кәдеге жарату қағидалары.<br>4. Микроклимат параметрлері мал шаруашылығына арналған қора-жайлар.<br>5. Жануарлардың аурулары мен өлім-жітімінің алдын алу бойынша ветеринариялық |

| | | |
|---|---|---|
| | құру және орындалуын талдау | профилактикалық іс-шараларды жүргізу қағидалары білу.<br>6. Ауру жануарларды оқшаулап күту. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 2-еңбек функциясы:<br>Жануарларға жарақаттану, улану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету | 1-дағды:<br>Оқшаулаушы палатада ауру жануарларды күту, термометрия, жараларды дауалау | Машықтар:<br>1. Бөлімшедегі оқшауланған ауру жануарларға күтім жасау, жараларды дауалау әдістері.<br>2. Жануарлардың жарақаттану немесе улану кезінде алғашқы көмек көрсету. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлардың анатомиясы мен физиологиясының негіздері.<br>2. Оқшауланған ауру жануарларды күту ережелерін білу.<br>3. Жануарларға медициналық көмек көрсетудің тәжірибелік әдістері.<br>4. Дәрілік заттарды енгізудің тәжірибелік әдістері.<br>5. Жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі, құрал-саймандар мен жабдықтарды пайдалану кезіндегі жеке қауіпсіздік қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Жануарларды емдеу | Машықтар:<br>1. Оқшау бөлімдегі ауру малды күту.<br>2. Жануарларға жарақаттану немесе улану кезінде алғашқы көмек көрсету.<br>3. Ашық жараларды дауалау.<br>4. Жануарлардың өлекселерін сою. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері.<br>2. Қолданылатын дәрілер, олардың әрекеті және жануарларға беру әдістері.<br>3. Дәрілік заттарды, биологиялық дәрмектерді, дезинфекциялау құралдарын, аспаптар мен дезинфекциялық жабдықтарды сақтау қағидалары және пайдалану тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік<br>Тәртіптілік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | - | |
| СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 4 | Жануарларды ветеринарлық дауалау жөніндегі оператор |
| | 6 | Ветеринариялық-санитариялық дәрігер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11. "Зоотехник" кәсіптік карточкасы: | | | |
| Топтың коды: | 3142-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3142-0-007 | | |
| Кәсіптің атауы: | Зоотехник | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 4 | | |
| БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2019 ж. N 307 бұйрығымен ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары мен мамандары лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары бекітілген.<br>Зоотехник. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>Зоотехния | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | 1 жыл | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | Қажет етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен тұқымдарын күтіп-бағу, азықтандыру және өсірудің технологиялық процесін ұйымдастыру. | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Өнім өндірісін жақсарту үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын дайындау.<br>2. Жануарлардың жыныс және жас топтары бойынша қозғалысын жүргізу (физиологиялық жағдайы бойынша), ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес жануарларды азықтандыру және күту.<br>3. Жануарлар азығын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру, шаруашылықтарда малды күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің жаңа әдістерін енгізу.<br>4. Жоғары өнімді жануарлардарды өсіру, асыл тұқымды малдың бос жүруін азайту бойынша селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды басқару.<br>5. Мал шаруашылығында бастапқы есептік асыл тұқымдық құжаттаманы жүргізу. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| | | Машықтар:<br>1. Өнім шығару үшін әртүрлі шешімдерді қажет ететін практикалық есептерді таңдау.<br>2. Жануарлардың сапалық қасиеттерін жақсартуға қажетті әрекеттерді орындау. | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>Өндірісті жақсарту үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын дайындау. | 1-дағды:<br>Тұқымдары әртүрлі ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін арттыру үшін іріктеу жұмыстарын жүргізу | 3. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізудің үнемді технологияларын таңдау және пайдалану. |
| | | Білімдер:<br>1. Өнім өндірісі үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын іріктеу бойынша кәсіби практикалық, теориялық білім мен тәжірибе.<br>2. Ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін арттыру үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын іріктеуде стратегиялық тәсілдерді қолдану арқылы міндеттер мен проблемларды шешу жолдары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Мал шаруашылығын дамыту, табынның өсімін молайтуды жақсарту, мал өнімділігін арттыру, өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру | Машықтар:<br>1. Теориялық білімдерін ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және көбейту кезінде практикада қолдану.<br>2. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын орындаушылар бригадасының жұмысын ұйымдастыру.<br>3. Бекітілген қызмет көрсету аймағында жануарларды құжаттау және өсіруде практикалық және танымдық дағдыларды қолдану. |
| | | Білімдер:<br>1. Генетика, физиология, жануарларды азықтандыру және ветеринария бойынша негізгі білім.<br>2. Ауыл шаруашылығы жануарларының зоологиясы, анатомиясы, физиологиясы.<br>3. Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы есеп беру және ақпарат беру тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 2-еңбек функциясы:<br>Жануарлардың жыныс және жас топтары бойынша қозғалысын жүргізу (физиологиялық | 1-дағды:<br>Бастапқы зоотехникалық құжаттаманы жүргізу және бекітілген қызмет көрсету аймағында жануарларды өсіруді қадағалау | Машықтар:<br>1. Кәсіби қызмет шеңберінде құжаттау және есеп жүргізу.<br>2. Қазіргі заманғы есептеу, байланыс және коммуникация құралдарын пайдалану.<br>3. Жануарлардың салмағын алдын-ала өлшеуді ұйымдастыру.<br>4. Ауыл шаруашылығы учаскесі немесе цех қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу.<br>5. Мал шаруашылығы бойынша тапсырмалар жобасын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету. |
| | | Білімдер:<br>1. Айлық, тоқсандық және жылдық жоспарлар құру қағидалары.<br>2. Бастауыш зоотехникалық құжаттама жүргізу қағидалары. |

| | | |
|---|---|---|
| жағдайы бойынша), жануарларды азықтандыру және күту ветеринариялық-санитариялық ережелер мен ережелерге сәйкес | | 3. Осы қызмет түріне тән тәуекелдер, оларды бақылау және азайту мүмкіндігі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Азық шығындарының кітабын жүргізу. Жануарларды азықтандыру рационын құру | Машықтар:<br>1. Жануарларды азықтандырудың прогрессивті әдістерімен қамтамасыз ету.<br>2. Мал шаруашылығы бойынша тапсырмалардың жобаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету. |
| | | Білімдер:<br>1. Ауыл шаруашылығы жануарларының анатомиясы мен физиологиясының ерекшеліктері.<br>2. Ауыл шаруашылығы жануарларын дұрыс тамақтандыру және тамақтан уланудың алдын алу қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 3-еңбек функциясы:<br>Жануарлар азығын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру, фермаларда малды күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтудің жаңа әдістерін енгізу | 1-дағды:<br>Фермаларда күтіп-бағу мен азықтандырудың прогрессивті әдістерін енгізу | Машықтар:<br>1. Стратегиялық жоспарлауда, өнімділікті бағалауда және ахуалды талдауда практикалық және танымдық дағдыларды қолдану.<br>2. Өнім өндіруге қажетті ең тиімді технологияларды таңдау.<br>3. Өндірістік қызметтің тиімділігін бағалау. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлардың генетикасы, физиологиясы, зоологиясы және ветеринария негіздері.<br>2. Жануарлардың негізгі аурулары және олардың алдын алу әдістері.<br>3. Мал шаруашылығына арналған жобалық тапсырмаларды әзірлеу қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Асыл тұқымды жануарлардың өнімділігі туралы бастапқы мәліметтерді ұйымның селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жоспары бойынша белгіленген есепке алу нысандарын енгізу | Машықтар:<br>1. Мал өнімділігі көрсеткіштерін бастапқы есепке алу үшін белгіленген нысандарды рәсімдеу.<br>2. Асыл тұқымды жануарлардардың өнімділік көрсеткіштерін өңдеу үшін стандартты ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бағдарламаларын пайдалану. |
| | | Білімдер:<br>1. Ұйымның селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарына сәйкес әр түрлі жануарлардың өнімділік көрсеткіштерінің тұқымдық есеп құжаттамасын жүргізу тәртібі.<br>2. Ұйымдағы әртүрлі түрдегі жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін өңдеу бойынша стандартты бағдарламаларды пайдалану тәртібі. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 4-еңбек функциясы: Өнімділігі жоғары жануарларды өсіру, асыл тұқымды жануарлардың бос жүруін азайту бойынша селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды басқару | 1-дағды: Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және өсімін молайту | Машықтар:<br>1. Теориялық білімдерін ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және өсімін молайту кезінде практикада қолдану.<br>2. Асыл тұқымды жануарларды нөмірлері мен лақап аттары бойынша бірдейлендіру.<br>3. Мал өнімділігінің көрсеткіштерін жинауды жүзеге асыру.<br>4. Асыл тұқымды жануарларды іріктеу және таңдау.<br>5. Таза тұқымды өсіру, әр түрлі шығылыстыру және будандастыру әдістерін қолдану<br>6. Жануарлардың өнімділігін арттыру, табынның өсімін жақсарту және төл алуды арттыру жұмыстарын жүргізу. |
| | | Білімдер:<br>1. Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және өсімін молайту мәселелерін шешуге қажетті ақпараттар.<br>2. Жануарлардың генетикасы, физиологиясы, селекциясы және ветеринария негіздері.<br>3. Мал шаруашылығында компьютерлік технологияны қолдану қағидалары.<br>4. Ауыл шаруашылығы жануарларының анатомиясының ерекшеліктері, күтіп-бағу, азықтандыру әдістері.<br>5. Жануарлар шаруашылығы өнімдерін өндірудің заманауи технологиялары, асыл тұқымды мал шаруашылығын ұйымдастыру.<br>6. Жануарлардың негізгі аурулары және олардың алдын алу әдістері;<br>7. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының әртүрлі түрлерін бірдейлендіру әдістері (лақап аттар беру, таңба басу, чип салу). |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды: Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын анықтау. | Машықтар:<br>1. Жануарлар мен құстарды өлшеуге арналған жабдықтар мен құралдарды пайдалану.<br>2. Жануарлар мен құстардың асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін аспаптық өлшеу техникасын меңгеру. |
| | | Білімдер:<br>1. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын анықтау.<br>2. Жануарлар мен құстарды олардың асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін аспаптық өлшеу қағидалары мен тәртібі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3. Әр түрдегі жануарлармен және құстармен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 5-еңбек функциясы:<br>Мал шаруашылығында бастапқы асыл тұқымдық құжаттаманы есептік жүргізу. | 1-дағды:<br>Есепке алуды және есептілікті жүргізу. | Машықтар:<br>1. Зоотехникалық құжаттаманы жүргізу.<br>2. Есепке алуды және арнайы бағдарламаларды пайдалана отырып, мал шаруашылығы бойынша бекітілген есептілікті жүргізуді ұйымдастыру. |
| | | Білімдер:<br>1. Қазіргі заманғы есептеу техникасы, коммуникация, байланыс және байланыс құралдары.<br>2. Әр түрдегі жануарлардың өнімділік, репродуктивті және асыл тұқымдық қасиеттерін есепке алу әдістері.<br>3. Зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу құжаттамасын жүргізу тәртібі.<br>4. Зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алудың қолданыстағы формалары.<br>5. Мал шаруашылығында компьютерлік техниканы қолдану қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Асыл тұқымды малдың өнімділігі туралы алғашқы мәліметтерді, белгіленген есеп формаларын енгізу. | Машықтар:<br>1. Жануарлардың өнімділігі көрсеткіштерін бастапқы есепке алу үшін белгіленген нысандарды ресімдеу.<br>2. Асыл тұқымды малдардың өнімділік көрсеткіштерін өңдеу үшін стандартты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағдарламаларын пайдалану.<br>3. Мал өнімділігі көрсеткіштерін өңдеу үшін мал шаруашылығына арналған арнайы ақпараттық-коммуникациялық бағдарламаларды пайдалану. |
| | | Білімдер:<br>1. Жануарлардың өнімділік көрсеткіштерінің асыл тұқымдық есебінің құжаттамасын жүргізу тәртібі.<br>2. Ұйымда мал өнімділігі көрсеткіштерін өңдеудің стандарттық бағдарламаларын қолдану тәртібі.<br>3. Ұйымдағы өнімділік көрсеткіштерін өңдеу жөніндегі асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша арнайы ақпараттық-коммуникациялық бағдарламаларды пайдалану тәртібі.<br>4. Ұйымда бастапқы есептік асыл тұқымдық құжаттаманы мұрағаттау тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік<br>Командада жұмыс істей білу | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | - | | |
| СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 5 | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник | |
| | 7 | Бас зоотехник | |
| 12. "Асыл тұқымдық іс жөніндегі техник" кәсіптік карточкасы: | | | |
| Топтың коды: | 3142-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3142-0-014 | | |
| Кәсіптің атауы: | Асыл тұқымдық іс жөніндегі техник | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 4 | | |
| БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | БТБА, 64-шығарылым.<br>Сауыншы 5-разряд 1-Параграф | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>Зоотехния | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Бағыт бойынша 1 жыл | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | қажет етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | 1.Асыл тұқымдық істегі нақты жаңа технологиялар мен тәсілдердің мүмкіндіктерін зерттейді және ұсынады.<br>2.Нарықта бар технологиялық жаңалықтарды фермаға енгізу. | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Асыл тұқымды жануарлар мен құстарды есепке алу және бағалау.<br>2. Мал тұқымын асылдандыру бойынша құжаттамаларды сақтау және өндірістік-зоотехникалық есеп бойынша бастапқы құжаттарды дайындау | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| | 1-дағды: | Машықтар:<br>1. Асыл тұқымдық жоспарлауды талдауда практикалық есептерді шешу.<br>2. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын есепке алу жұмысын жүргізу. | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>Асыл тұқымды жануарлар мен құстарды есепке алу және бағалау | Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын есепке алу | 3. Жаңа технологиялардың қолжетімділігін зерделеу және қолдану. |
| | | Білімдер:<br>1. Ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алу қағидалары.<br>2. Құс етін есепке алу қағидалары<br>3. Кең таралған технологиялар туралы негізгі мәліметтер |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын бағалау | Машықтар:<br>1. Асыл тұқымды жануарлар мен құстарды кластарға бөлу.<br>2. Белгілері бойынша жарамсызын шығару.<br>3. Асыл тұқымды табын қалыптастыру.<br>4. Арнайы жабдықтар мен құралдарды қолдану.<br>5. Арнайы ақпараттық дерекқормен жұмыс. |
| | | Білімдер:<br>1. Ақпараттық технологияны білу.<br>2. Электрондық бағдарламаларды білу.<br>3. Заманауи технологияларды білу.<br>4. Асыл тұқымды кластардың негізгі және қосымша сипаттамалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 2-еңбек функциясы:<br>Асыл тұқымдық іс бойынша құжаттамаларды сақтау және өндірістік, зоотехникалық есеп бойынша бастапқы құжаттарды дайындау | 1-дағды:<br>Есептік журналдар мен басқа құжаттамаларды жүргізу және сақтау | Машықтар:<br>1. Дайындық технологиялық карталарын құрастыру.<br>2. Бағалау журналын толтыру. |
| | | Білімдер:<br>1. Зоотехниядағы негізгі есептік құжаттар.<br>2. Есептік құжаттаманы жүргізу және толтыру қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Асыл тұқымдық іс бойынша өндірістік құжаттарды дайындау және ұсыну | Машықтар:<br>1. Жануарлар мен құстардың асыл тұқымды мәртебесін алу үшін құжаттар пакетін қалыптастыру.<br>2. Асыл тұқымды жануарлар мен құстар туралы мәліметтерді толтыру үшін ақпараттық базалар мен сайттарда жұмыс істеу. |
| | | Білімдер:<br>1. Асыл тұқымдық шаруашылық мәселелері бойынша құжаттарды келісу және ұсыну қағидалары.<br>2. Мамандандырылған ақпараттық жүйелерде ( ақпараттық-талдау жүйесі, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру) құжат қалыптастыру мен құжат айналымы негіздері. |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік<br>Тәртіптілік | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | - | | |
| СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 5 | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник | |
| | 7 | Бас зоотехник | |
| 13. "Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник" кәсіптік карточкасы: | | | |
| Топтың коды: | 3240-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3240-0-009 | | |
| Кәсіптің атауы: | Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 4 | | |
| БТБА, БА және басқа үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | 2-параграф. БТБА, 64-шығарылым.<br>Жануарларды қолдан ұрықтандыру операторы 4-6 разряд | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>Зоотехния | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Тиісті бағыт бойынша 1 жыл | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | қажет етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізуді ұйымдастыру | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Жануарлардың күйлеу кезеңін анықтау және қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қолдан ұрықтандыруды жүргізу.<br>2. Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>Күйлеген жануарларды анықтау және қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қолдан ұрықтандыруды жүргізу | 1-дағды:<br>Жануарларды көбею процесіне қатысуға дайындығын анықтау үшін олардың жағдайын бағалау | Машықтар:<br>1. Жануарлардың түріне және қолда бар ресурстарға байланысты аналықтардың жыныстық қызуын анықтау әдісін таңдау.<br>2. Визуалды, қынаптық, тік ішекті, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін қолдана отырып, аналықтардағы күйлеу белгілерін анықтау. |
| | | Білімдер:<br>1. Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес аналық жануарлардың күйлеу кезеңін анықтау әдістері.<br>2. Аналық жануарлардың күйлеу кезеңін анықтаудың визуалды, қынаптық, тік ішектік, зертханалық және аспаптық әдістерін жүргізу техникасы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Қауіпсіздікті сақтай отырып, қолдан ұрықтандыруға арналған тұқымдық аталықтардан шәует алу | Машықтар:<br>1. Ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес тұқымдық аталықтардың (барлық өнімділік бағыттағы қойлар мен өнімділігі етті бағыттағы ірі қара мал) күпегін жуу рәсімін орындау.<br>2. Белгілі әдістермен жануарларды жасанды ұрықтандыруды жүргізу: жатырды тік ішекке бекіте отырып, визоцервикалды, маноцервикалды және цервикалды.<br>3. Арнайы құрал-жабдықтар мен құралдарды пайдалана отырып, тұқымдық аталық-продуценттерден (барлық өнімділік бағыттағы қойлар мен етті ірі қара мал) ұрық алу процедурасын жүргізу.<br>4. Микроскопиялық әдістермен тұқымдық аталық-продуценттердің (барлық өнімділік бағыттағы қойлар және өнімділігі етті бағыттағы ірі қара мал) жаңадан алынған шәуетінің сапасын бағалау рәсімін жүргізу. |
| | | Білімдер:<br>1. Ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес асыл тұқымды аталықтардың (барлық өнімділіктегі қойлар және етті бағыттағы ірі қара мал) күпегін дезинфекциялық ерітінділермен жуу техникасы.<br>2. Тұқымдық аталық шәует алу әдістері (барлық өнімділік бағыттағы қойлар және өнімділігі етті бағыттағы ірі қара мал).<br>3. Жануарларды қолдан ұрықтандыру әдістері: жатыр мойнын тік ішекке бекіте отиырып, мойын-мойын, мойын-мойын және мойын.<br>4. Шәует сапасын микроскопиялық бағалау әдістері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес аналық жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізу | Машықтар:<br>1. Тұқымдық аталықтардан шәует (өнімділіктің барлық бағыттағы қойлары және өнімділігі етті бағыттағы ірі қара мал) алу үшін есепке алу жөніндегі есеп беру құжаттамасын жасау.<br>2. Тұқымдық аталықтардың ұрығын (барлық өнімділіктегі қойлар және өнімділігі ет түріндегі ірі қара мал) оның сапасын сақтауды қамтамасыз ететін әдістерді қолдана отырып, қысқа мерзімде сақтау үшін салқындату.<br>3. Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес арнайы құралдарды пайдалана отырып, ұрықты аналықтың жыныс мүшелеріне енгізу. |
| | | Білімдер:<br>1. Тұқымдық аталықтардың шәуетін өндіруді есепке алу және бағалау оның журналдарын жүргізу қағидалары.<br>2. Жаңадан алынған сперматозоидтарды одан әрі пайдалану үшін жарамдылық өлшемшарттары.<br>3. Әр түрлі аналық жануарларды (құстарды) қолдан ұрықтандыру әдістері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 2-еңбек функциясы:<br>Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау | 1-дағды:<br>Қолдан ұрықтандыру пунктін (станциясын) ветеринариялық-санитариялық өңдеу бойынша есепке алу және есеп беру құжаттамасын толтыру | Машықтар:<br>1. Әр түрлі түрдегі аналық жануарларды (құстарды) қолдан ұрықтандыру журналын ресімдеу.<br>2. Қолдан ұрықтандыру пунктін (станциясын) құрал-жабдықтармен және шығын материалдарымен жабдықтауға өтінімдерді толтыру. |
| | | Білімдер:<br>1. Ветеринариялық есептілік талаптарына сәйкес залалсыздандыру журналын толтыру қағидалары.<br>2. Материалдар мен жабдықтарды сатып алуға өтінім жасау нысаны. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Қолдан ұрықтандыруға арналған материалдарды, құрал-жабдықтарды және құралдарды дайындау | Машықтар:<br>1. Ерітінділерді дайындау және тұтыну, шәуеттің сапасын бағалау журналдарын ресімдеу және толтыру.<br>2. Шығын материалдарын, сондай-ақ пайдалану мерзімі өтіп кеткен жабдықты есептен шығару актілерін ресімдеу.<br>3. Шығын материалдары мен жабдықтарды есептен шығаруға құжаттарды ресімдеу. |
| | | Білімдер:<br>1. Ерітінділерді дайындау мен тұтынуды тіркеу, шәуеттің сапасын бағалау қағидалары. |

| | | |
|---|---|---|
| | үшін есепке алу және есеп беру құжаттамасын жасау | 2. Құжаттардың нысандары мен материалдар мен жабдықтардың түсуі мен жұмсалуын есепке алу қағидалары.<br>3. Құжаттардың нысандары және шығыс материалдары мен жабдықтарды есептен шығару тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Өз бетінше жұмыс істеу және жауапкершілік<br>Тәртіптілік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | - | |
| СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 5 | Бөлімнің зоотехнигі (кешен, егіншілік учаскесі, ферма) |
| | 7 | Бас зоотехник |

## 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

14. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Орындаушы: Насырханова Бакыт Кайргазиновна, +7 (771) 375 80 45, b.nasyrhanova @nasec.kz

15. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар): "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғам

Жетекші: Б.Қ. Насырханова, b.nasyrhanova@nasec.kz, +7 (771) 375 80 45

Орындаушы: Қ.А. Елемесов, k.yelemessov@nasec.kz, +7 (707) 907 04 88

16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №2 хаттама.

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2023 жылғы 11 желтоқсандағы кәсіби стандарт жобасын сараптау қорытындысы бойынша "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамының қорытындысы.

18. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 12667/20 келісім.

19. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: нұсқа 1, 2023 жыл.

20. Қайта қарау күні: 2027 жылғы 7 қараша.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК